

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ, ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

*2024 жылы 26 маусымда Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары
білім қызметкерлері салалық кәсіподағының кезекті XV Съезінің қаулысымен
бекітілді*

1. КІРІСПЕ

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағы (бұдан әрі – Кәсіподақ) - Қазақстан Республикасындағы ең ірі кәсіподақтардың бірі. Кәсіподақ өз қатарында әділетті әлеуметтік мемлекеттің құндылықтарын қорғайтын экономиканың екі саласын – оқу-ағарту, ғылым және жоғары білімнің белсенді өкілдерін біріктіреді.

Кәсіподақ құрамында **21** мүшелік ұйым, жалпы саны **584 458** кәсіподақ мүшесінен тұратын **8 374** бастауыш кәсіподақ ұйымы бар.

Кәсіподақ қызметі қызметкерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының тәжірибелік қызметі лайықты жалақы, еңбекақы төлеу және еңбекті нормалаудың әділ жүйесін құру, қауіпсіз, салауатты еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер жасауға жәрдемдесуді қамтиды.

Кәсіподақ бірлік, ынтымақтастық, әділдік, тәуелсіздік сияқты кәсіподақ қозғалысының қағидаттарын берік ұстанатындығын растайды.

Кәсіподақ білім берудің жоғары стандарттары мен сапасын, педагогикалық және ғылыми кәсіптердің беделі мен қоғамдық танылуын, қызметкерлердің лайықты еңбек жағдайларын жақтайды.

Кәсіподақ қызметінің идеологиялық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстанның көпұлтты халқының рухани құндылықтары мен дәстүрлері, халықаралық кәсіподақ қозғалысының қағидаттары және Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) қабылдаған лайықты еңбек және халықаралық еңбек стандарттары Бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2024-2030 жылдарға арналған Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы болып табылады.

Кәсіподақ қызметінің 2024-2029 жылдарға арналған басым бағыттары:

- 1) қызметкерлер мен білім алушылардың еңбек құқықтарын, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби мүдделерін білдіру және қорғау;
- 2) кәсіподақты ұйымдастырушылық нығайту және дамыту.

2. НЕГІЗГІ МАҚСАТТЫ МІНДЕТТЕР:

- еңбекақының, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақылардың, білім алушыларға шәкіртақыларының лайықты және әділ мөлшері;

- педагогтарды, ғылым және жоғары білім қызметкерлерін әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы және жаңа формаларымен қамтамасыз ету;

- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларында әлеуметтік әріптестік жүйесін нығайту және дамыту, Кәсіподақтың барлық салалар мен деңгейлерде қызметкерлердің мүдделерін білдіруі, ұжымдық келіссөздерге қатысу, ұжымдық шарттар жасасу;

-кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар бойынша Мемлекеттің норма шығармашылығына қатысу;

- жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын және әлеуметтік әріптестік актілерінің шарттарын орындауын бақылау;

- оқу-ағарту және жоғары білім беру салаларын коммерцияландыру процесіне қарсы іс-қимыл;

- қызметкерлер үшін заманауи, қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасау, Кәсіподақтың жұмыс орындарындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына пәрменді бақылауы;

- мемлекеттік билік органдарының, жұмыс берушілердің, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік маңызы бар жобалары мен бастамаларын ілгерілетуге және іске асыруға жәрдемдесу;

- Кәсіподақтың саяси партиялармен, азаматтық қоғам институттарымен тиімді байланысын кеңейтуге жәрдемдесу;

- кәсіподақ мүшелерін еңбек заңнамасының, кәсіптік одақтар туралы заңнаманың негіздеріне сапалы оқыту, кәсіподақ қызметкерлері мен активтерін оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолдану;

- Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының мүшелік ұйымдарымен, өзге де республикалық бірлестіктердің кәсіптік одақтарымен бірлікті және ынтымақтастықты нығайту;

- Кәсіподақтың ұйымдық бірлігін нығайту, барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру, кәсіподақ мүшелерінің корпоративтік және құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;

- жаңа идеяларды қалыптастыру, цифрландыру, кәсіподақ органдарының жұмыс тәжірибесіне инновациялық технологияларды енгізу;

- Кәсіподақтың оң имиджі және оның қоғамдық қатынастардағы ұстанымын нығайту.

3. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1. Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларында мемлекет саясатын іске асыруға қатысу.

Кәсіподақ төмендегі іс-шаралардың орындалуына үлес қосады:

- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік билік органдарының тұжырымдамалық және бағдарламалық құжаттарын іске асыру;

- жаңа білім беру технологияларын енгізу және ілгерілету, жұмыс уақытының икемділігіне, мансап пен жеке өмірдің тепе-теңдігіне негізделген жұмыспен қамтудың жаңа түрлерін құру;

- еңбекті материалдық және материалдық емес ынталандыру және педагог мамандығының оң имиджін қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;
- педагогтарды кәсіби даярлау және қайта даярлау, олардың жаңа құзыреттерді меңгеру;
- бірыңғай білім беру кеңістігін, үздіксіз білім беру жүйесін сақтау және дамыту;
- мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу және орындау бойынша қажетті шараларды орындау;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының инновациялық және кәсіптік дамуы, ересектерге арналған қосымша кәсіптік білім беру үшін жағдайлар жасау;
- педагог кадрлардың құзыреттілігін дамыту және педагогтардың білім беру сапасына жаңа заманауи көзқарасын қалыптастыру;
- Кәсіподақ пен оның ұйымдарының сараптамалық және аналитикалық қызметін дамыту және жетілдіру негізінде білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым міндеттерін іске асыру нәтижелерін болжау мен бағалаудың объективтілігіне қол жеткізу.

3.2 Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыру.

3.2.1. Кәсіподақ келесілерді орындауға ниетті:

- сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мөлшерін арттыру;
- мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру;
- кәсіптердің негізделген кәсіби стандарттарын, еңбек нормаларын енгізу, біліктілік санаттарын беру және растау;
- сала қызметкерлерінің өмір сүру деңгейі мен сапасының өлшемшарттарын айқындау және арттыру;
- педагогтарды олардың қажеттіліктерін объективті болжау негізінде даярлау, олардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету және мансапты сүйемелдеу;
- білім беру ұйымдарының босатылатын қызметкерлерін әлеуметтік қорғау тетіктерін құру, педагогтар мен басқа да қызметкерлерді негізсіз жаппай қысқартуға жол бермеу;
- педагогтардың, ғылым және жоғары білім саласының қызметкерлерінің еңбегіне қолайлы жағдайлар жасау;
- сала қызметкерлеріне жалақы төлеу бойынша берешекке (қарыз болуға) жол бермеу;
- қызметкерлердің демалысын, сауықтыруын және денсаулығын қорғауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруда мемлекеттік қолдау деңгейін арттыру;
- педагогтарды, ғылым және жоғары білім саласының қызметкерлерін қосымша әлеуметтік қолдау шаралары жүйесін дамыту;

- оқу-ағарту қызметкерлеріне жас мамандарды қоса алғанда жеңілдіктер мен кепілдіктер жүйесін белгілеу, оқу-ағарту қызметкерлерінің қолданыстағы әлеуметтік жеңілдіктері мен кепілдіктерін сақтау және олардың негізсіз жойылуына жол бермеу;

- педагогтардың, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің әртүрлі санаттарының әлеуметтік мәртебесін арттыру құралы ретінде кәсіби байқауларды тиімді қолдау;

- оқу-ағарту қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғалуын жетілдіру.

3.2.2. Кәсіподақ қоғамда педагог мамандығының беделін арттыруға бағытталған шараларды іске асыруға ықпал ететін болады:

- білім беру саласына жас мамандарды тарту және оларды мамандыққа қалдыру үшін моральдық және материалдық ынталандырулар жасау;

- жас педагогтар мен ғалымдарды кәсіби қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қолдау мәселелеріне атқарушы билік органдарының назарын күшейту;

- педагогтардың мансаптық өсу, үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру;

- білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті дамыту;

- радио және телевизиялық жобаларды құру, сондай-ақ кәсіби педагогикалық тақырып бойынша баспа және интернет-баспасөз ақпарат құралдарында жарияланымдарды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру.

- педагогтардың кәсіби деңгейі мен үздіксіз біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін пәрменді және тиімді тетікті құруға ықпал ету.

3.3. Әлеуметтік әріптестікті дамыту:

Қол жеткізілген нәтижелерді бекіту, салалық әлеуметтік әріптестіктің қалыптасқан жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Кәсіподақ өз тарапынан төмендегі іс-қимылдарды жүзеге асырады:

- әлеуметтік әріптестік институтын нығайту және дамыту, оның тиімділігін арттыру, әлеуметтік әріптестік тараптарының өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындау үшін жауапкершілігін арттыру;

- өңірлік салалық келісімдерді, ұжымдық шарттарды жасасу тәжірибесін, олардың талаптарын орындауды жүйелі бақылауды, жинақтауды жүзеге асыру;

- қызметкерлердің еңбек құқықтарын реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мәселелері бойынша және басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша әлеуметтік әріптестермен өзара консультациялар (кеңес берулер) жүргізу;

- жұмыс берушілер өкілдерін және кәсіподақ активін тиімді келіссөздер жүргізу дағдыларына жүйелі оқыту;

- бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік әріптестік үдерісі мен нәтижелерін белсенді жариялау бойынша жұмысты жалғастыру.

3.4. Кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғау:

Сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Кәсіподақ келесілерді қамтамасыз етуге ниетті:

- Еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар бойынша мемлекеттің норма шығару қызметіне, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

- мемлекеттік органдардың кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек және өзге де құқықтары мен мүдделерін қозғайтын стратегиялар мен бағдарламаларды, перспективалық жоспарларды әзірлеуге Кәсіподақтың қатысуы;

- еңбек заңнамасының сақталуына, ұжымдық шарттардың, әлеуметтік әріптестік туралы келісімдердің талаптарының орындалуына қоғамдық бақылау жүйесін дамыту;

- жұмыс берушілердің Кәсіподақтың құқықтық еңбек инспекторларының еңбек заңнамасын, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін анықталған бұзушылықтар бойынша ұсыныстарын орындауын қамтамасыз ететін тиімді тетіктерді әзірлеу;

- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау және білдіру бойынша консультациялық қызметтердің көлемін ұлғайту және сапасын арттыру;

- Кәсіподақтың құқықтық қызметі қызметкерлерінің жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының жұмысына қатысу практикасын (тәжірибесін) кеңейту;

- жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелерін еңбек құқығының негіздеріне оқытуды ұйымдастыру;

- қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын сотта қорғау үшін сотқа әкелінетін құжаттарды дайындау және сотта кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін білдіру;

- мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың шешімдеріне дауласу туралы істер бойынша, сондай-ақ Кәсіподақ пен кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын құқықтық қорғаудың неғұрлым өзекті мәселелері бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тәжірибесін жинақтау;

- Кәсіподақтың мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарымен өзара іс-қимыл тәжірибесін жетілдіру;

- Кәсіподақ активі мен кәсіподақ мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру.

3.5. Кәсіподақ мүшелерінің еңбек және денсаулықты қорғаудағы құқықтарын қорғау:

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін бұзуға мүлдем төзбеушілік жағдайын жасау, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Кәсіподақ келесілерге күш-жігерін жұмсайды:

- жұмыс берушілердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы заңнаманы сақтауын, ұжымдық шарттардың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігіндегі келісімдердің талаптарын орындауын қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру;

- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында еңбекті қорғау талаптары мен нормаларының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру бойынша Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының қызметін жетілдіру;

- еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру нормативтеріне міндетті мерзімді медициналық тексерулер жүргізу, еңбекті қорғау бойынша оқыту, сондай-ақ оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру ұйымдарының қызметкерлерін арнайы киіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге арналған шығындарды енгізуге жәрдемдесу;

- еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу кезінде мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

- мемлекеттік билік органдарының, Кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және өмірін қорғауға бағытталған тиімді бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

- еңбекті қорғау саласындағы озық жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату.

3.6. Кәсіподақты ұйымдастырушылық және кадрлық нығайту:

Кәсіподақ төмендегі іс-қимылдар арқылы өзінің ұйымдастырушылығы мен тиімділігін арттырады:

- Кәсіподақ құрылымының барлық деңгейлерінде кәсіподақ ұйымдары қызметінің тиімділігін көтеру;

- Кәсіподақ органдарының қызметінде ақпараттық ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ететін жұмыстың құқықтық базасын дамыту;

- рейтингіні айқындау нысанында Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметінің тиімділігін тұрақты бағалау жүйесін жетілдіру;

- Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыруды күшейту, мүшелік базасын кеңейту, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларының еңбек ұжымдарында жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру;

- ұйымдастыру жұмысында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;

- қабылданатын шешімдерді орындағаны үшін Кәсіподақтың сайланбалы алқалы органдары мен қызметкерлерінің жауапкершілік деңгейін арттыру;

- Кәсіподақты одан әрі кадрлық нығайту, кадрлық резервті жасақтау, дайындау және пайдалану тиімділігін арттыру бойынша қажетті шараларды жүзеге асыру, жастар арасынан кәсіподақ көшбасшыларының стратегиялық резервін ілгерілетуге жәрдемдесу;

- жастарға арналған коммуникациялық стратегиялар мен коммуникациялық жоспарды әзірлеу;

- жастар саясаты саласында мемлекеттік және кәсіподақ бағдарламаларын іске асырудың пәрменді шараларын жүзеге асыру;

- Кәсіподақ ұйымдарының жоғары тұрған Кәсіподақ органдарының Жарғысы мен шешімдерінің ережелерін қатаң және мүлтіксіз орындауы, жоғары тұрған Кәсіподақ органдарының алдында уақтылы есеп беруі;

- жаңа ақпараттық технологиялар мен оқыту жүйелерін пайдалана отырып, кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды және тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру;

- Кәсіподақ мүшелерін кәсіподақ ұйымдарының қызметіне кеңінен тарту, олардың кәсіподақ ұйымдарының ішкі өміріне белсенді қатысуы.

3.7. Кәсіподақ қызметін ақпараттық қамтамасыз ету:

Кәсіподақ органдарының ақпараттық жұмысын жетілдіру саласында келесідей іс-шараларды жүзеге асыру:

- Кәсіподақтың оң имиджін қалыптастыру, заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттыру;

- қоғамға Кәсіподақ қызметі туралы, бірінші кезекте мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты, ақпарат беру;

- Кәсіподақ қозғалысының әртүрлі буындары мен деңгейлері арасындағы ақпараттық байланысты, кәсіподақ мүшелерінің Кәсіподақ органдарының қызметі, Кәсіподақ ұйымдарының озық жұмыс тәжірибесі туралы үнемі хабардар болуын қамтамасыз ету;

- әртүрлі ақпараттық ресурстарды тиімді қалыптастыру және пайдалану, оларға кең және еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- ақпараттық жұмыс саласында Кәсіподақ кадрларын даярлау мен оқытуды тұрақты негізде жүзеге асыру;

- Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары арасында ақпараттық алмасудың жаңа нысандарын енгізу, оның ішінде заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану жөніндегі жұмысты жетілдіру;

- Кәсіподақ активі мен мүшелерінің сұраныстарына жедел ден қою;

- әлеуметтік желілерде Кәсіподақ қызметі туралы ақпаратты ілгерілету;

- БАҚ-пен өзара іс-қимыл, кәсіподақтың бұқаралық ақпарат құралдарын: «Қазақстан кәсіподағы» республикалық газетін, Кәсіподақтың әлеуметтік желілердегі интернет-парақшаларын дамыту;

- Кәсіподақ басшылары мен мамандарының БАҚ беттерінде жарияланымдарын ұйымдастыру, әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер өткізу.

3.8. Халықаралық ынтымақтастық:

Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы қағидатын басшылыққа ала отырып, келесілерді жүзеге асырады:

- Кәсіподақ шетелдік әріптестермен – Білім Интернационалымен (EI), оның Еуропалық құрылымымен, «Білім және ғылым» халықаралық кәсіподақтар бірлестігімен (ХКБ), Халықаралық Еуразиялық білім кәсіподақтарының бірлестігінің (ХЕБКБ) белсенді ынтымақтастықты жалғастырады;

- Кәсіподақ қызметкерлердің әлеуметтік, экономикалық және саяси құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық кампанияларға, форумдарға және ынтымақтастық акцияларына қатысуды жалғастырады;

- Кәсіподақ өз мүшелерінің мүдделерін халықаралық ұйымдар – Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), ЮНЕСКО деңгейінде білдіруге және қорғауға ниетті;

- Кәсіподақ өзінің ұйымдық құрылымын, кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақтың қатардағы мүшелерінің дайындығы мен ақпараттандырылуын нығайту мүддесінде шетелдік кәсіподақтармен ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді жобаларын жүзеге асыруды және дамытуды жалғастырады.

3.9. Саяси партиялармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылды дамыту.

Жарғылық мақсаттарды шешу үшін Кәсіподақ саяси партиялармен және үкіметтік емес ұйымдармен келесідей өзара іс-қимылдарды қамтамасыз етеді:

- Кәсіподақтың серіктестік желісін құру жолымен саяси партиялармен және қоғамдық ұйымдармен сындарлы ынтымақтастық, оның қызметіне кәсіподақ мүшелерін белсенді тарту;

- өз бағдарламалары аясында және қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың қатысуымен Кәсіподақ жұмысындағы әлеуметтік-жобалық қызметті кеңейту;

- қоғамдық тыңдауларға, «дөңгелек үстелдерге», кәсіподақ қызметінің неғұрлым өзекті мәселелері бойынша конференцияларға тұрақты негізде бастамашылық ету және өткізу;

- қоғамдық пікірді белсенді қалыптастыратын беделді қоғамдық қозғалыстармен, бірлестіктермен және ұйымдармен, азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске

асыруға бағытталған қызметпен айналысатын ұйымдармен өзара іс-қимылды дамыту және нығайту.

3.10. Кәсіподақтың қаржы саясатын жетілдіру:

Қаржыны басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында Кәсіподақ төмендегілерді жүзеге асырады:

- резервтерді анықтау, Кәсіподақ бюджетінің қаражатын неғұрлым тиімді пайдалану және кәсіподақтың қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында Кәсіподақ қызметінің ағымдағы және келешек қаржылық жоспарлауын жетілдіру;

- кәсіподақ бюджетінің бухгалтерлік есебін, мүшелік жарналарды аудару және бөлу жүйесін жүргізуді жетілдіру;

- Кәсіподақтың жарғылық қызметін қаржылық қамтамасыз ету, Съездер мен Кәсіподақтың Орталық Комитетінің шешімдерін орындауда мүшелік ұйымдар төрағаларының дербес жауапкершілігін арттыру, орындаушылық тәртібін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- барлық деңгейдегі бақылау-тексеру органдарының қызметін, оның ішінде кәсіподақтардың құрылымдық ұйымдарының мүшелік жарналарды аудару мен пайдаланудың толықтығын бақылау жөніндегі бақылау-тексеру комиссияларына тексеру жүргізу арқылы күшейту бойынша жұмысты жалғастыру;

- кәсіподақтардың алқалы органдарының шешімдеріне сәйкес мүшелік жарналарды аударудың белгіленген мөлшерін, жүйелілігін сақтауға қол жеткізу;

- Кәсіподақ қызметін қаржылық қамтамасыз етуде барлық құрылымдардың мүдделерін оңтайлы есепке алуға қол жеткізу;

- кәсіподақ бюджетінің қаражатын жұмсаудың бірыңғай нормативтерінің жүйесін қалыптастыру, олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

- кәсіподақ бюджетінің қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру.

3.11. Жастармен жұмыс

Кәсіподақ жастар саясатын іске асыруда мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- жас педагогтарды алқалы кәсіподақ органдарының құрамына тарту;

- Кәсіподақ жастар Кеңесі жұмысының тиімділігін қолдау;

- Кәсіподақта жас педагогтар үшін жарғылық мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталған бастамаларды қолдау жүйесін қалыптастыру;

- жас педагогтарды әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жөніндегі жұмыста ілгерілету және қолдау, бұл жастарға өздерін көрсетуге, өз әлеуетін іске асыруға және Кәсіподақта лайықты танылуға мүмкіндік беру;

- жастарды көшбасшылық даярлаудың әртүрлі нысандарын дамыту;

- кәсіподақ мүшелерінің ішінен бастамашыл жас педагогтарды қолдау;
- жас педагогтарды кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қолдаудың түрлі нысандарына қосу үшін жағдай жасау;
- жас педагогтарға кәсіби шеберліктерін арттыруға көмек көрсету;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған жас педагогтарды қолдау.

3.12. Кәсіподақтың гендерлік саясаты:

Кәсіподақ төмендегі іс-шараларды жүзеге асыруға ниетті:

- гендерлік, әлеуметтік саясат, әйелдердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру;
- әйелдердің лайықты ақысы төленетін, қауіпсіз еңбекпен қамтамасыз етуде жұмыс істейтін әйелдердің әлеуметтік жеңілдіктері мен кепілдіктерін кеңейтуде әлеуметтік әріптестермен күш біріктіру;
- әлеуметтік әріптестік актілерінде (келісімдер мен ұжымдық шарттарда) әйелдер үшін қосымша құқықтарды, жеңілдіктер мен кепілдіктерді қамтитын арнайы бөлімдер мен ережелерді қарастыру.